



«Евразийский национальный
университет имени Л.Н.Гумилева»

Экономический факультет

Кафедра учет и анализа

ФГАОУ ВО «Российский
университет дружбы народов»

Экономический факультет

Кафедра бухгалтерского учета,
аудита и статистики

**«Международные стандарты учета и аудита: ключевые
изменения и нюансы перехода в условиях цифровой
экономики»**

**Сборник статей Международной научно-практической
конференции 17 февраля 2023 г.**

Астана



УДК 657(47+57)

ББК 65.053

П78

Рекомендовано к печати Ученым советом
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Рецензент – доктор экономических наук, профессор *Алиев М.К.*

Научные редакторы:

PhD, доцент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Жолаева М.А.
заместитель заведующая кафедрой бухгалтерского учета, аудита и статистики РУДН,
кандидат экономических наук Сорокина Л.Н.

П78 «Международные стандарты учета и аудита: ключевые изменения и нюансы перехода в условиях цифровой экономики»: сборник статей Международной научно-практической конференции. Астана, 17 февраля 2023 г. – Астана: ЕНУ им Л.Н.Гумилева, 2023. – 522с.

ISBN 978 601 337 121 4

Сборник статей научно-исследовательских работ студентов, магистрантов, докторантов, профессорско-преподавательского состава по итогам Международной научно-практической конференции 17 февраля 2023 г.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте www.enu.kz

Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

© Коллектив авторов, 2023
© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2023
© РУДН, 2023

ISBN 978 601 337 121 4



Өнімді өндіру және өткізу көлемін талдаудың соңғы кезеңдерінде сол өнімнің өсу резервтері анықталады. Ол үшін өндіріс шығындарының құрылымы зерттеледі, оның көмегімен өндірістің материалды, энергияны, капиталды немесе еңбек шығындарының қайсысын көп қажет ететіндігін анықтауға мүмкіндік туады. Тиісті ресурстарды пайдаланудағы тиімділік өндіріс көлемін және кәсіпорынның рентабельділігін арттыру үшін өте маңызды болып табылады.

Қорытындылай келе, сату деректерін жүйелі түрде талдау тұтынушы сатып алатын өнімдер туралы нақты әрі толық түсінік бере отырып, оларды түсінуге көмек береді. Осылайша, өндірілген өнімді өткізу немесе сатуды талдау сол өнімнің сату көлемінің төмендеуі немесе өсуінің негізгі себептерін ашуға, түсінуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, бұндай анализ түрін жасау өнімнің перспективасын анықтауға, және де өнімді өткізу темпін ілгерілету үшін қай өнім түріне көбірек мән беру керектігін анықтау үшін аса қажетті болып табылады. Сондықтан мұндай талдау өткізілетін өнімге қатысты басқару шешімдерін қабылдағанда зор ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер

1. Сарычев М.В. Как можно решать проблемы снижения издержек производства и реализации продукции//Современные наукоемкие технологии.-2006
2. Бердникова Т.Б Анализ и диагностика финансово хозяйственной деятельности предприятия оку құралы -2008 194-с
3. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР 2007 жылғы 28 ақпандағы №234-III заңы
4. Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности. – 2012-331-с
5. Литвинюк А.С. Экономический анализ. Учебное пособие.-2009-74-с

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТЕГІ СЕРТИФИКАТТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Серікқызы Талшын,

«Экономика» факультетінің 2 курс студенті

«Мемлекеттік аудит» мамандығы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Жахметова Айнура Каиржановна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға оқытушысы

Қазақстан

Аннотация. Жаңа сала бойынша білімді қамтамасыз ету – қазіргі қоғам дамуының негізі. Елдің экономикалық білімін мен біліктілігін арттыру экономикалық және әлеуметтік мәселелер мен міндеттерді шешудің құралы. Осы жұмыстың мақсаты мемлекеттік аудит саласына қызығушылардың санын көбейту және олардың қоғамдағы рөлін арттыру. Мақалада жалпы сертификаттау жүйесінің ұйымдастырылуы мен тәртібі және осы сала бойынша қазіргі таңдағы жастардың ой-пікірлері зерттелді. Зерттеу нәтижесінде мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың сапасы мен санын арттыру бойынша ұсынымдар жасалынды.

Кілт сөздер: мемлекеттік аудитор, білімді растау жөніндегі ұйым, кандидат, мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссия, мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау, мемлекеттік аудитор сертификаты.

ОСОБЕННОСТИ СИСТЕМЫ СЕРТИФИКАЦИИ В ГОСУДАРСТВЕННОМ АУДИТЕ

Серікқызы Талшын,

Студент 2 курса факультета «Экономика»

Специальность "государственный аудит"

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева

Жахметова Айнура Каиржановна

Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева

Старший преподаватель кафедры "государственный аудит"

Казахстан

Предоставление знаний в новой области является основой развития современного общества. Повышение экономических знаний и навыков страны является средством решения экономических и социальных проблем и задач. Целью данной работы является увеличение количества людей, заинтересованных в сфере государственного аудита и повышение их роли в обществе. В статье рассмотрены организация и порядок проведения общей системы аттестации и были изучены мнения современной молодежи в этой области. В результате исследования даны рекомендации по повышению качества и количества соискателей квалификации государственного аудитора.

Ключевые слова: *государственный аудитор, организация по аттестации знаний, кандидат, национальная комиссия по аттестации кандидатов на квалификацию государственного аудитора, аттестация кандидатов на квалификацию государственного аудитора, свидетельство государственного аудитора.*

FEATURES OF THE CERTIFICATION SYSTEM IN THE STATE AUDIT

Serikkyzy Talshyn

*2nd year student of the Faculty of "Economics"
Specialty" state audit"*

L. N. Gumilyov Eurasian National University

Zhakhmetova Ainura Kairzhanovna

L. N. Gumilyov Eurasian National University

Senior lecturer of the department" state audit"

Kazakhstan

Providing knowledge in a new field is the basis for the development of modern society. Increasing the country's economic knowledge and skills is a means of solving economic and social problems and challenges. The purpose of this work is to increase the number of people interested in the field of public audit and increase their role in society. The article discusses the organization and procedure for conducting a general certification system and studied the opinions of modern youth in this area. As a result of the study, recommendations are given to improve the quality and quantity of applicants for the qualification of a state auditor.

Key words: *state auditor, knowledge attestation organization, candidate, national commission for attestation of candidates for the qualification of a state auditor, attestation of candidates for the qualification of a state auditor, certificate of a state auditor.*

Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау (бұдан әрі – сертификаттау) – білімін растау және Ұлттық комиссияда әңгімелесу арқылы кандидатқа тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін беру рәсімі.

2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің біліктілігі міндетті түрде мемлекеттік аудитор сертификатымен расталуы тиіс деген заңды норма бекітілді.

Сертификаттау Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың кәсіби, іскерлік қасиеттерінің, әлеуметтік мүмкіндіктерінің жан-жақты және объективті сипаттамасын алу мақсатында жүргізіледі. Сертификаттауды жүзеге асыру үшін сертификаттау жөніндегі Ұлттық комиссия құрылған. Аталған комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасының Жоғарғы аудиторлық палатасы болып табылады, сонымен қатар Жоғарғы аудиторлық палатаның төрағасы Ұлттық комиссияның да төрағасы болып саналады.

Сертификаттау кезеңдерін кезектілікпен және табысты етудің нәтижелері бойынша Ұлттық комиссия кандидаттарға:

- жоғары санатты мемлекеттік аудитор;
- мемлекеттік аудитор;
- тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленгені туралы сертификат береді.[1]

Ұлттық комиссия отырысының қорытындылары Ұлттық комиссия Төрағасы және хатшысы қол қоятын хаттамасымен рәсімделеді. Сертификаттаудың қорытындылары Ұлттық комиссия отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде Жоғарғы аудиторлық палатаның интернет-ресурсында жарияланады.

Мәселен, мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену кандидаттарының 2019-2022 жылдар аралығындағы сертификаттау қорытындылары 1-кестеде көрсетілген.


Кесте 1

Мемлекеттік аудитор біліктілігі сертификатын иеленген адамдар тізімі

№	Жылдар Сертификация	Жоғары санатты мемлекеттік аудитор	Мемлекеттік аудитор	Тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор
1	2019	16	42	1
2	2020	2	50	1
3	2021	43	69	2
4	2022	0	79	0
Барлығы		61	240	4

Ескерту:[2] Жоғарғы аудиторлық палатаның ресми сайтынан алынып автормен құрастырылған.

Жоғарғы аудиторлық палатаның ресми сайты ақпаратына сәйкес атап айтар болсақ, Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуші кандидаттар санының соңғы төрт жылда, яғни 2019-2022 жылдар аралығында бірқалыпты қарқынды артып келе жатқанын байқауға болады (1-сурет).



Сурет 1. Мемлекеттік аудитор біліктілігі сертификаты бар адамдардың көрсеткіші

Сертификаттау жүйесі - мемлекеттік аудит саласының дамуына үлкен әсер етуші процесстердің бірі. Бірақ осы саланың өзінде шешілуі тиіс көптеген мәселелер жатыр. Қазіргі таңда мемлекеттік аудиторлардың біліктілікті арттыру жүйесі әлсіз екені анық. Оның бірнеше себептерін қарастыруға болады.

Біріншіден, Мемлекеттік аудиторларды сертификаттау жүйесі негізінен арнайы бекітілген пәндер бойынша тестілеу арқылы жүргізіледі, сонымен қатар тестілеуді жобалау мен ұйымдастыру бұрыннан бекітілген ұйым тарапынан жүзеге асырылады. Яғни бұрынғы тест ақпараттарына деген қол жетімділік үміткердің білімі мен қабілетінің дұрыс бағаланбауына әкеледі. Сондай-ақ, жалпы ақпараттар мен тест тапсырмаларының жаңашаланбауы әсерінен кандидаттардың бұрынғы мәліметтер бойынша сұрақтардың

жауаптарын жаттап баруы әбден мүмкін. Сәйкесінше, үміткерлердің оқу процесінде білімдерін және біліктіліктерін арттыруға ынталары болмайды. Бұл жағдай жалпы критерийлерге сай емес адамдардың өзі сертификат иегері атануына жағдай жасап отыр.

Екіншіден, сертификаттау жүйесі, яғни мемлекеттік аудит мамандарының біліктілігін арттыру сертификатын иелену үлкен дайындықты, білімді жетілдіруді талап етеді. Осы мәселе тұрғысынан аудиторлардың білімін арттыруға көмектесетін қосымша курстар қарастырылмаған. Оның үстіне, мемлекеттік аудиторлардың өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы үшін ешқандай ынталандыру шаралары жасалынбайды. Сондай-ақ ол жалпы бағалау жүйесінде қарастырылмайды. Бағалаудың жеке аудиторлық қызметтің нәтижесі бойынша ғана емес, жеке тұлға ретінде өзін-өзі жетілдіру тұрғысынан да қарастырылғаны жөн.

Аталған мәселелерді шешу үшін келесідей ұсынымдар ұсына аламын. Мемлекеттік аудиторларды сертификаттау жүйесіне әр жыл сайын жаңартылып отыратын, сондай-ақ арнайы білім мен біліктілікті бағалауға арналған адамның ойлау қабілетін іске қосатын әртүрлі деңгейлік тапсырмаларды құрастырушы қосымша ұйым бекіту. Сонымен қатар, мемлекеттік аудиторлардың өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндік беретін қосымша курстарды қалыптастыру қажет деп ойлаймын.

Мемлекеттік аудит саласында ел игілігі үшін қызмет етуге ынталы мамандар, яғни еліміздің орта буын өкілдері – жастар көп көңіл бөліп, дамуына үлес қосқаны жөн. Жастар арасында мемлекеттік аудит саласының алатын орны мен маңызын ескеру қажет. Осы орайда бірнеше әлеуметтік-экономикалық мәселе сұрақтары туындайды.

Мемлекеттік аудит қызметкерлерін сертификаттау жүйесі бойынша сауалнама

Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша қай курста білім алып жатырсыз? *

Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша қай курста білім алып жатырсыз? *

Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша қай курста білім алып жатырсыз? *

Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша қай курста білім алып жатырсыз? *

Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша қай курста білім алып жатырсыз? *

Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша қай курста білім алып жатырсыз? *

Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша қай курста білім алып жатырсыз? *

Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша қай курста білім алып жатырсыз? *

Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша қай курста білім алып жатырсыз? *

Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша қай курста білім алып жатырсыз? *

Сурет 2. «Google Диск» қосымшасы арқылы құрастырылған анонимді сауалнама

Мәселе сұрақтарына жауап алу үшін жастар арасында, яғни мемлекеттік аудит саласы бойынша білім алушы студенттері арасында анонимді сауалнама жүргізілді (2-сурет). Сауалнамаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша 3, 4 курс студенттері бойынша жалпы 30 адам белсенді қатысты. Сауалнаманың қорытындысы пайыздық мөлшерлеме арқылы есептелініп 2-кестеде көрсетілген.[3]

«Мемлекеттік аудит» білім алушыларының сауалнама бойынша жауаптарының көрсеткіштері

№	Сұрақтар	Жауаптар		
		Иә	Жоқ	Өз ойы
1.	Мемлекеттік аудит мамандығында білім алған өзіңізге ұнайды ма?	100%	-	-
2.	Болашақта өз салаңыз бойынша жұмыс жасаймын деп ойлайсыз ба?	83%	7%	10%
3	Мемлекеттік аудит бойынша бакалаврды аяқтағаннан кейін оқуды жалғастырып, біліктілік арттырамын деп жоспарлайсыз ба?	84%	11%	5%
4	Қазіргі таңда мемлекеттік аудит саласы маңыздылығы деңгейі қандай?	жоғары	орташа	төмен
		86,6%	13,3%	-
5	Жастардың мемлекеттік аудит саласына деген қызығушылықтары қандай деп ойлайсыз?	6,6%	76,7%	16,7%
6	Мемлекеттік аудит мамандарын сертификаттау қаншалықты маңызды әрі қажетті?	70%	30%	-

Ескерту: Автормен құрастырылған.

Сауалнама нәтижелері жастардың мемлекеттік аудит саласын дамытуға ынталы екенін көрсетеді. Сонымен қатар, осы салада білікті маман болып, жастар арасында насихаттап, олардың қызығушылықтарын арттыруға және мемлекеттік аудит қызметкерлерін сертификаттау жүйесін біршама тиімділігі бойынша жақсартуға ниет білдірді.

Жоғарғы аудиторлық палатаның интернет-ресурстарында жарияланған ресми ақпараттарға сүйенсек, Тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор мен Жоғары санатты мемлекеттік аудиторлар санының салыстырмалы түрде аздығы байқалады. Сауалнамада осы мәселер де қарастырылды. Студенттердің пікірлері бойынша оған себеп – бұл мамандық ретінде енді дамып келе жатқан салыстырмалы түрде жас мамандық және осы мамандықтар жайлы ақпарат көздерінің аздығы, сонымен қатар қазіргі таңда халықаралық сертификат алу оңай емес, оған көп адам тәуекел ете алмайды. Осы мәселелерді шешу мақсатында Мемлекеттік аудит саласы мамандарын сертификаттау жүйесіне тиімді өзгертулер енгізу қажет. Мысалы, университет қабырғасында сертификацияның бір сатысын қосу немесе сертификациялау форматында халықаралық стандарттардан алынған өзгерістерді енгізу және т.б.

Тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудиторлар мен Жоғары санатты мемлекеттік аудиторлар санын арттыру мақсатындағы басты ұсынысым – иеленген біліктілік деңгейі бойынша белгілі бір мерзімге арналған шектеу қоюды енгізу. Ол әртүрлі мерзімді қамтуы мүмкін. Мысалы, аудитор Тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор сертификатын иеленген уақыттан бастап бес жыл жұмыс атқарғаннан кейін ғана міндетті түрде біліктілігін жоғарылатуы, яғни мемлекеттік аудитор сертификатын иеленуі тиіс. Осыған ұқсас, Мемлекеттік аудитор сертификатын иеленген уақыттын бастап жеті немесе он жылды бекіту. Нәтижесінде, сертификациялау жүйесінің жалпы көрсеткіштері салыстырмалы түрде теңеседі, мамандар жетіспеушілігінің жойылуына жағдай жасалады, білікті әрі тиімді қызметкерлер саны артады, яғни жалпы мемлекеттік аудит саласының дамуына жол ашылады.

Мемлекеттік аудитор мамандығы тәуелсіз мемлекеттік бақылау саласындағы болашағы зор мамандықтардың бірі болып табылады, оның бейіні қазіргі таңда мемлекеттік қаржылық бақылауды раформалау жолымен қалыптасып жатқан болашақ мемлекеттік аудит жүйесіне толықтай сай келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 22-НҚ нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс].

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012720>

2. «Қазақстан Республикасының Жоғарғы аудиторлық палатасы» сайты [Электрондық ресурс].
<https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kk>

3. «Google Диск» қосымшасы арқылы құрастырылған анонимді сауалнама [Электрондық ресурс].
https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdRwL1NWQ47budGKnQp1yunKwQNVOW8FVNxo2_YpTsEWVh8IA/viewform?usp=sharing

Цифрлық экономика жағдайында мемлекеттік аудит әдістерін жетілдіру

Тасмағанбетов Бақғали Болатұлы
«Экономика» бағытының 2 курс студенті
«Мемлекеттік аудит» мамандығы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы

Жахметова Айнура Каиржановна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі сәтте әрбір мемлекет әлемдік нарықтағы бәсекелестікке икемді болу үшін, цифрландыру процесі кезінде заманауи технологияларды енгізу маңызды алғышарт болып табылады. Сол себепті зерттеліп отырған тақырып аясында цифрландыру процесі кезінде мемлекеттік аудит әдістерін жетілдірудің маңызы жоғары. Мақаланың басты мақсаты мемлекеттік аудит әдістерін жетілдіру жолдарын айқындау. Мақалада цифрлық экономика терминіне бірнеше анықтамалар берілген, еліміздегі мемлекеттік аудит әдістерінің жай-күйі айқындалған, сонымен қатар мемлекеттік аудиттің әлсіз тұстары анықталып, блокчейн технологиялары көмегімен жетілдіру жолдары көрсетілген.

Кілт сөздер: цифрлық экономика, цифрлық технологиялар, мемлекеттік аудит, мемлекеттік аудит әдістері, мемлекеттік бағдарлама, блокчейн технологиялары.

В настоящее время важной предпосылкой является внедрение современных технологий в процессе цифровизации, чтобы каждая страна была гибкой к конкуренции на мировом рынке. Поэтому в рамках изучаемой темы большое значение имеет совершенствование методов государственного аудита в процессе цифровизации. Основной целью статьи является определение путей совершенствования методов государственного аудита. В статье дано несколько определений термина цифровая экономика, определено состояние методов государственного аудита в стране, а также выявлены слабые места государственного аудита и показаны пути совершенствования с помощью блокчейн-технологий.

Ключевые слова: цифровая экономика, цифровые технологии, государственный аудит, методы государственного аудита, государственная программа, блокчейн-технологии.

Currently, an important prerequisite is the implementation of modern technologies in the process of digitalization, so that each country is flexible to compete in the global market. Therefore, the improvement of public audit methods in the process of digitalization is of great importance within the studied topic. The main purpose of the article is to identify ways to improve the methods of state audit. The article provides several definitions of the term digital economy, defines the state of state audit methods in the country, as well as identifies weaknesses of state audit and shows ways to improve with the help of blockchain technology.

Keywords: digital economy, digital technology, government audit, government audit methods, government program, blockchain technology.

Қазіргі сәтте әлемнің әрбір мемлекеттері бәсекелестік артықшылықтарын, оның ішінде халықаралық деңгейде қамтамасыз ету үшін экономиканың жаңа даму бағыты – «цифрлық экономикаға» көп көңіл бөлу қажет. Сонымен қатар әрбір саласының жұмыс істеу ерекшеліктеріне заманауи жаңа технологияларды енгізудің амал тәсілдері мен алгоритмін дайындау, осы айтылған дүниелерді жүзеге асыру үшін арнайы бағдарламаларды ұйымдастыру үлкен маңызға ие болып отыр.